

«Ақмола облысы білім басқармасының
Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі
жанындағы Ақкөл қаласының
«Арайлым» бөбекжайы МКҚК
басшысының 24.05.2023 жылғы
№15 бұйрығымен бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі
жанындағы Ақкөл қаласының «Арайлым» бөбекжайы МКҚК сыйайлас
жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже**

Осы Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы үлгі ереже (бұдан әрі-
ереже) Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі
жанындағы Ақкөл қаласының «Арайлым» бөбекжайы МКҚК (бұдан әрі-
бөбекжай) комплаенс-қызмет заңнамалық актілерге сәйкес әзірленді "Ақмола облысы
білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі жанындағы Ақкөл
қаласының «Арайлым» бөбекжайы МКҚК сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-
қызметінің мәртебесін, өкілеттігін және жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады

- 1) сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор
субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйайлас
жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі заңнамасын сактауын қамтамасыз ету
жөніндегі функция;
- 2) сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйайлас жемқорлық құқық
бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және
зерделеу;
- 3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын
адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың,
оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың
лауазымдық өкілеттіктері арасындағы кайшылық, мұндай жағдайда аталған
адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудына және
(немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;
- 4) сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық
жауаптылық белгіленген, сыйайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-
әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 5) сыйайлас жемқорлық тәуекелі – сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар
жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 6) сыйайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл
субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйайлас
жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды
зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;
- 7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті орган – Қазақстан
Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске

асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ак сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

2. Бөбекжайда негізгі міндепті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындастын күрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындастын күрылымдық бөлімшени немесе жауапты тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдының шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, бөбекжайдың басшысы айқындейдьы.

2-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерінің мәртебесі

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органдынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық колдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

6. Егер Заңмен, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Ұлгілік ережеде көзделмеген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді бөбекжай директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органды, көрсетілген органдар болмаған жағдайда бөбекжай басшысы бекітеді.

3-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндептері, қагидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтің негізгі мақсаты қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ак сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндептері:

1) Бөбекжай мен оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

- 2) Бөбекжайда сыйбайлас жемқорлықка қарсы іс-кимыл жөніндегі шарапар жүйесін тиімді іске асыру;
- 3) Бөбекжай сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) Заңға сәйкес, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

9. Бөбекжай сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделелілігі;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің акпараттық ашықтығы;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдірүү;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) Бөбекжайдың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың ішкі саясаты;
- 2) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі нұсқаулық;
- 3) Бөбекжай дамудделер қактығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
- 6) Бөбекжай қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
- 7) корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;
- 8) Бөбекжай сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндөуді, корытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 9) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 бүйрыймен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына нормативтік құқықтық актілерді сәйкес бөбекжайдың қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және бөбекжай бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

11) Бөбекжайда анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

12) Бөбекжайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

13) Бөбекжайдың қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

14) Бөбекжайдың қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен міnez құлық мәселелерін сактаудың қамтамасыз етеді;

15) Бөбекжайдың ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет күзыretі шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактаудың қамтамасыз етеді;

17) Бөбекжайдың құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауды мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

18) мұдделер қактығысын, оның ішінде бөбекжайдың жұмыска орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

19) бөбекжайдағы сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

20) бөбекжайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

21) бөбекжай басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, бөбекжайдың қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

22) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдар мен жемқорлықтармен, бөбекжайлармен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ак өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерінің құқықтары

1) бөбекжайдың құрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, бөбекжайдың басшысына директорлар кенесінің, байқау кенесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз

басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шыгаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қары іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) бөбекжайдың басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қары заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) бөбекжайдың қызметкерлерінің бөбекжайдағы сыйбайлас жемқорлыққа қары заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не бөбекжайда сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін акпараттандыру арналарын құрады;

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметтердің міндеттері

1) бөбекжай және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялышының сақтайды;

2) бөбекжайда сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе накты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) бөбекжайдың директорлар кенесін, байқау кенесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, бөбекжай басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қары заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уактылы хабардар етеді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) бөбекжай белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

4-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметтердің есептілігі

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызмет бөбекжайда қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қары шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызмет бөбекжайда директорлар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, бөбекжайдың басшысына мерзімді түрде есеп береді.